



Жаңғыру жолындағы Жезқазған

Жезқазған. Қазақтың жер ортасы да, ел ортасы да – осы Жезқазған. Жезқазған десе көзіңізге қазақтың кең жазықты, ұсақ шоқылы сары даласы, тас қопарып, кен қазып жатқан еңбекқор адамдары елестейді.

ҚАЛАНЫҢ ҚЫСҚА ТАРИХЫ

Жездің өзі табиғатта таза күйінде кездеспейді, ол мыстың мырыш және басқа да элементтердің қоспасынан алынатын өнім. XIX ғасырда алаяқтар жезді түстері ұқсас болғандықтан алтын деп талай жұртты алдаған. Ал мыс – жер қыртысынан қоспаларымен бірге алынатын қызыл түсті металл. Мыстың бір тоннасының Лондон биржасындағы бүгінгі бағасы 7 мың доллардың үстінде. Оның пайдаланылатын саласы өте көп. Қазір дүниеде 70-тен аса түсті металдар қорытылады, соның ішінде ең ежелгісі – мыс. Адамзат оны б.д.д. II мыңжылдықтан бері қолданып келеді.

Қазақ мысты көбінесе жез дейді. Сондықтан да Жезқазған қаласын «мыс қазған» демей, осылай атаған. Жезқазған кенінде алтын мен күміс те аз кездеспейді. Қаланың өзі Қаракенгір өзенінің жағасына орналасқан. Алдымен кеншілер кенті болған ол 1954 жылы ғана Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен қала атанған. 1973 жылдан 1992 жылға дейін ол аттас облыстың орталығы болды. 1997 жылдың мамырында, облыс таратылған соң, шаһар Қарағанды өңірінің облыстық бағыныстағы қаласына айналды.

Кезінде ақын Ғафу Қайырбековтің Жезқазғанға арнаған: «Бар қазынаны артып ап, Уақытпенен жарысқан. Сен көзіме жарқырап, Көрінесің алыстан. Бір бүйірің – Ұлытау, Бір бүйірің – Қарсақпай. Сені тапқан жігіт-ау, Қаныш-аға, ер Сәтбай!» деп жырлағанындай, жез қаласы дегенде аузыңа қазақтың ұлы перзенттерінің бірі Қаныш Сәтбаев есімі орала кетеді. Өйткені, қазіргі Жезқазған өңірі мен қаласының өнеркәсібі өркендеген аймаққа айналуы Сәтбаев есімімен тығыз байланысты. 1929-1931 жылдары ол Жезқазған – Ұлытау өңірінде бұрыннан белгілі деректерді талдау және жаңа геологиялық барлау нәтижелеріне сүйене отырып, Жезқазғанда сол уақыттағы дүние жүзіндегі ең үлкен мыс кен орны бар екенін ашқан. Одан металлогендік болжам картасын жасап, кен игерудің кешенді бағдарламасын түзген. Артынан осыларды қолдану орасан зор табыстарға қол жеткізді. Осы еңбегі үшін Қ.Сәтбаевқа 1958 жылы Лениндік сыйлық берілді.

Жезқазған шаһарының өзі Ұлытаудың оңтүстік-шығысында, Қаракенгір және Сарыкеңгір өзендерінің бастауында орналасқан. Бұл жер Бетпақдаланың солтүстік-

батысына жатады. Қаладан терістікке қарай шыға қалсаңыз, біршама жазық болғанымен, одан әрі биік адырлы, терең сайлы тау жоталары басталады. Жусанды, селеулі даланың иісі ғажап, көкірек көзін ашып, самалына кеуденді тосып тұра бергің келеді. Жезқазған қаласын суландыратын негізгі көз – осы Кеңгір және Жезді су қоймалары.

Жезқазған қаласы тұрғындарының саны бір кезде 140 мың адамға жақындаған, қазір 90 мыңның төңірегінде. Жезқазғанды КСРО-ның түсті металлургия орталығына айналдырамыз деген ұран көтерілген жылдары басқа республикалардан адамдар ағылды. Қаланы Орынбор – Ташкент темір жолына қосу да көзделген. Ондаған жаңа шахталар, мыс қорыту зауыты, кен байыту фабрикасы және т.б. ашылды. Сол жылдары қалада қазақ халқының үлесі де күрт төмендеп кеткен. Бірақ қазір шаһар халқының 70 пайызға жуығы өз қандастарымыз.

Қазіргі Жезқазғанда Ө.Байқоңыров атындағы университет, бірнеше колледж бар. Өлкетану музейі, С.Сейфуллин атындағы кітапхана, С.Қожамқұлов атындағы театр және басқалары жезқазғандықтардың мәдени өмірінде өзіндік алар орны бар орындар. Сонымен бірге, бірнеше газет, соның ішінде бұрынғы облыстық «Жезқазған туы» газетінің орнында қалған «Сары-Арқа» газеті, жергілікті «Дидар» телеарнасы жұмыс істейді. Шаһарда С.Сейфуллинге, Қ.Сәтбаевқа, Абылай ханға және т.б. арналған ескерткіштер орналасқан. Қалалықтар атақты орыс-кеңес актері, халыққа «Қалқан мен қанжар», «Екі жолдас қызмет етіп еді» және т.б. көптеген кинофильмдер арқылы кеңінен танымал болған дарынды өнерпаз Олег Янковскийдің осында туғанын мақтан тұтады.

Міне, Жезқазған қаласының қысқаша тарихы осындай.

ДАҚПЫРТ ПЕН ШЫНДЫҚ

Редакцияның тапсырмасымен осы өңірдің өмірін көрсету мақсатымен жолға жиналды. Астанадан шығатын жалғыз пойыз Жезқазғанға барып тіреледі. Әрі қарай темір жол жоқ, «тупик». Купелес серіктеріміздің бірі Светлана есімді әйел Жезқазған темір жолдың ғана «тупигі» емес, болашағы да «тупикте», яғни дағдарыста дегенді салғаннан жиі айтып отырды. Өзі бір кезде осындағы мыс қорыту зауытында қызмет істеген көрінеді, тіпті әкесі мен шешесі де сонда істепті. Жекешелендіру жылдары әжептәуір акцияға да қол жеткізген. «Акцияңызға дивидент алмайсыз ба?» деген сұраққа ыршып түсті. Сөйтсе, бұрынғы жылдары біршама төлеп тұрған, ал қазіргісі мардымсыз көрінеді. Әйелдің ытырынып қалғаны сол екен. Сатып жіберейін десем қимаймын, мүмкін дивидент қайтадан төленетін болар деген үмітін де білдіріп қойды. Ал сатқан болса, бір акцияның құны 2 мың теңгеге жуық көрінеді... Қазір Астанада тұратын әйел одан пайда табу үмітін бәрібір үзбейтін сыңайлы...

Айтты-айтпады, соңғы кездері Жезқазған туралы алыпқашпа әңгімелер көп. 2012 жылы Жезқазғанда бір сойқан жасағысы келіп, алақандарына түкіріп, құлшынып жүргендер шыққанын. Солардың арасында Алматыдан жеткен «жанашырлар» да болған. «Жезқазғанды жабады екен, болашағы жоқ қала, «Қазақмыс» мұндағы жұмыстарын доғаратын болыпты, өйткені, кеннің қоры таусылыпты», деген сияқты әңгімелерді желдей естіріп, халықты қобалжытатын хабар таратқандар негізінен солар екен. Бұл әңгіме, әсіресе, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС басқарма төрағасы Эдуард Оғайдың Жезқазған мыс қорыту зауытын қайта құру мақсатымен екі жылға жабатындығы туралы мәлімдеме жасағаннан кейін қатты өрлеп кеткен. Өзі де үркектеп жүрген көңілдерді бұл хабар тіпті өректітіп жіберсе керек. Бірақ жезқазғандықтар қыздырманың қызыл тіліне жаппай еріп, желіккен жоқ, байсалды қалыптарын сақтай білді. Оның үстіне жұмысшылардың униформасын киіп алып, Жаңаөзендегідей дүкендерді, офистерді бұзып, сындырып, бүлдіруге бастаған арандатушылардың ойқастауына да жол берілген жоқ. Бұл қауіпсіздік қызметтерінің еңбегі екені даусыз, әйтпесе шабына ыстық май тамып кеткендей шарылдаған біреулердің шабаланған дауысы шапылдай шығып жатқан еді... Және олар шахтер, металлург те емес, көлденеңнен қосылған көк аттылар-тын. Үкімет тарапынан мәселеге жедел көңіл бөлініп, қайта құру үшін жабылатын мыс қорыту зауытының жұмысшылары қысқартылмайтындай етіп, жұмыс берушілермен мәміле жасалды.

Кәсіпорындағы қайта құру жұмыстарына осындағы мыс қорытушылардың өздері тартылатын болып, ешкім де жұмыссыз қалмайтын болды.

Осы арада Жезқазған қаласының негізгі табыс көзі – «Қазақмыс» корпорациясы туралы да аздап айта кеткен жөн. Онсыз әңгіменің сәні де, мәні де жоқ. Өйткені, қала кезінде осында жұмыс істеуге жиналған халықтан өсіп шыққан. Алысқа бармай-ақ бүгінгі күнін айтар болсақ, 1992 жылы сол кезде «Джезказганцветмет» аталатын кәсіп - орынды акционерлеудің нәтижесінде өмірге келген «Қазақмыстың» қазір 18 кеніші, 10 кен байыту фабрикасы, 2 мыс қорыту зауыты және т.б. бар. Осының бәрі Жезқазған қаласы мен оның төңірегінде орналасқан. «Қазақмыс» корпорациясы мыс қорыту бойынша әлемде 11-ші орын алады. Ол кен қазудан бастап дайын мыс өнімдерін (катодты мыс, шақпақтар және т.б.) шығара алатын Қазақстандағы бірден-бір кәсіпорын. Сонымен бірге, кен қоспаларындағы мырыш, күміс, алтын, т.б. бағалы металдарды да айырып, оларды таза өнім күйіне жеткізуге қабілетті. Мәселен, 2011 жылы 13 млн. унций күміс өндірген. Қазір «Қазақмыс» Екібастұздағы электр қуатын өндіретін ГРЭС-1 алып кәсіпорнының 50 пайыздық акциясын иеленген. Соңғы кездері ол Ақтоғай мен Бозшакөл жобаларын дамытуға да үлкен көлемде инвестиция салуда. Сонымен қатар, атағы жер жаратын А.Машкевич, П.Шодиев, А.Ибрагимовтердің иелігіндегі ENRC (Еуразиялық табиғат ресурстары корпорациясы) компаниясының 26 пайыздық үлесінің иесі.

Бізге белгілі болған деректерге қарағанда, «Қазақмыс» 2010 жылы 2,8 млрд. доллар табыс тапқан. 2011 жылғы түсім 3,6 млрд, соның 930 млн. доллары таза пайда. Ал былтыр, мыстың арзандауына байланысты, 1,9 млрд. доллар түсіріпті. Компанияның штаб-пәтері Лондон және Алматы қалаларында орналасқан. Германияда және Қырғызстанда еншілес кәсіпорындары бар.

Ал енді осындай бай компанияның иесі кім дегенге тоқталайық. «Википедия» анықтамалығының деректеріне қарағанда, оның ең үлкен акционерлері: Владимир Ким (25,7 пайыз), Олег Новачук (5,6 пайыз) және «Самұрық-Қазына» қоры (26,3 пайызы), қалғандары ұсақ акционерлер. Бірақ осы анықтамалықтың өзі компания иелерінің толық көрсетілгеніне шүбә келтіреді. Ал «Forbes» журналының деректеріне қарағанда, директорлар кеңесінің төрағасы Владимир Кимнің 3,5 млрд. доллар байлығы бар. Жезқазғанның қалалық бюджетіне «Қазақмыс» компаниясының кәсіпорындарынан 6 млрд. 45 млн. теңге салық түседі. Бұл – қала бюджетіне түсетін барлық кірістің 65 пайызы. Осындай бай кәсіпорны бар қала жайнап тұруға, халқы жадырап жүруге тиісті ғой.

Бірақ... Бірақ халықтың бойында бір енжарлық, салғырттық бары байқалады. Бәрі де «Қазақмысқа» иек артып алған секілді. Енді оның жағдайы біршама ауырлағанда қала халқы да моральдық күйзеліске түсе бастағандай. Соңғы уақытқа дейін 300-400 мың теңгеден табыс тауып келген металлургтер, шахтерлер қазіргі еңбекақыларына қомсына қарайтыны аңғарылады. Оның үстіне кендері таусылғандықтан жабылған, қазір жері опырыла бастаған бірнеше шахтаның маңындағы кенттердің тұрғындары қалаға көшіріле бастапты. Бірақ оларға үй алу үшін беретін қаражаттары жеткіліксіз көрінеді, кейбіреулер соған да наразы. Біз дәл осындай, кеншілер үшін құрылған Екібастұз қаласында да осыдан 3-4 жыл бұрын болған едік. Оның халқының үміттері зор, көңіл-күйлері жарқын екенін көргенбіз. Кіммен сөйлессең де өз қаласы туралы жақсы сөз айтып, тіпті онымен мақтануға ұмтылып тұрған. Ал мыналарда ешнәрсеге селт етпейтін самарқаулық, көңілсіздік басым. Шағын кәсіпкерлік нысандары (дүкендер, кафелер, түрлі қызмет көрсететін орындар, т.б.) да басқа жерлердегідей жыпырлап тұрған жоқ. Көзге түсетін үлкен көшелер біршама әрлі болғанымен, аулалар кеңес заманын еске салатын ескі, жұпыны кейіпте. Үйлердің сырты қоңырқай, сұрғылт, жолдары жөнделмеген, қоқыстары үйіліп жатқан талай ауланы көрдік. Орталық базарларында да қайнаған тірлік көзге түспеді. Бішкектің ер адамдарға арналған шалбарларын сатып тұрған ерлі-зайыпты сатушылар халықтың тауар алмайтынын айтып шағынды. Әрине, тауарлардың сапасыз, түріктің, я басқа жұрттың өтімді дүниесін неге әкелмейсіздер десек, оны да алмайды деп

қолдарын сілтейді. Олар да өздеріндегі енжарлыққа емес, қаланың болашағы жоқ деп налитындай.

Қалаға 2-3 ай бұрын ғана тұрған әкім Серік Шайдаров бір күрек қазба байлығы жоқ аудан орталықтарындағы халықтың көңіл-хошы көтеріңкі, ұмтылыстары зор болғанда, мына жезқазғандықтардың енжарлығына таңырқайтынын жасырмады. Қалалықтардың мәдени шара өткізуге тиісті сахналары, спорттық кешендері, т.т. бәрі «Қазақмыстың» иелігінде екен. Жекеменшік болған соң, оның бәрін жалдау ақысын төлеп қана аласың. Ал ол аз ақша емес. «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы Мейрамкүл Мусина жалдау ақысы жоғары болғандықтан, ешқандай шаралар да өткізе алмаймыз деген ренішін айтты.

Шаһардың тіпті қоқыс шығаратын кәсіпорнының техникалары да корпорациянікі көрінеді. Бүгінгі күні, дүниежүзілік дағдарысқа байланысты мыстың арзандағанын сылтауратып, корпорация өзіндегі әлеуметтік міндеттерден арылу саясатына ұмтылыпты. Қазір бұрын меншігінде болған барлық әлеуметтік нысандарды бюджетке өткізгелі жатыр екен. Айта кететін болсақ, корпорация өз күшімен қалада бірнеше әлеуметтік нысандар салып немесе күрделі жөн деуден өткізіп, қарауына алған. Мәселен, «Ер Төстік» балабақшасы, «Ұлытау» спорт сарайы, Медициналық орталық, «Металлург» стадионы және т.б. Соны мен қатар, Пирамида түрінде салынған му зей ғимаратын да 2012 жылы қаланың неке сарайы үшін қолдануға жарактап бөріпті. Көшелерді, парктерді, кейбір тұрғын үйлерді жөндеуге де қарасатын көрінеді.

Әрине, талай адамды миллиард етіп жатқан Жезқазған байлығы үшін бұл мүлде мардымсыз. 3,5 миллиард доллар қазынаны Жезқазғаннан өндірген Ким мырза өз атынан ұмытылмастай етіп, кем дегенде бір әлеуметтік нысан тұрғызып берсе, оған ел де, жер де разы болар еді. Бірақ Лондондағы мырзалар Жезқазғанға оң қабақ таныта қояр емес. Салығын төлеп отырған соң оларға кінә де таға алмайсың. Алайда... ендігі жерде Жезқазғанға келуді де артық көріп, менеджері арқылы ғана байланысып жатқан сондай мырзалардың акциясын Қазақстан Үкіметі сатып алып, дивидент үшін төленетін қаражаттың бір бөлігін қаланы көркейте түсу үшін жұмсаса, ұтымды іс-ақ болар еді.

«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС басқарма төрағасы Э.Оғайдың өзі Алматыдағы офисінде отырады, ал мұндағы бастығы Ж.Бөрібаев мырзаға жолыға алмадық. Алдымен хат жазыңдар деген ол артынан Оғайдан рұқсат керек деп кергіді. Соған қарағанда, кәсіпорында ашықтық жоқ секілді. Жолықсақ, қоятын сұрақтарымыз да жеткілікті. Соның ішінде жұртты алаңдатып жүрген кеннің азайып қалғаны, жұмысшыларды әлеуметтік қолдаудың, еңбек қауіпсіздігінің деңгейі, барлау жұмыстарының қалай жүргізілетіндігі, т.б. туралы білгіміз келген. Амал не, есігінен де аттай алмадық.

2010 жылы Президент Н.Назарбаевтың жастық өміріне қатысты мақала жазу үшін ол қанат қағып шыққан Украинадағы Днепропетровск металлургиялық комбинатына жолымыз түскен. Бұл комбинатта жекеменшіктікі, бірақ алыстан, шет мемлекеттен келген біздің ішке кіруімізге, бастықтарымен жолығуымызға ешқандай кедергі жасалған жоқ. Ал мыналар есіктерін тарс жауып алған...

ҮМІТТІ ҮЗДІРМЕЙТІН ҮДЕРІСТЕР

Үкіметтің моноқалаларды дамытуға арналған 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес, Жезқазғанды орта және ұзақ мерзімді перспективада әлеуметтік-экономикалық дамытудың жоспары жасалған. Үстіміздегі жылдың шілде айында Жезқазған қаласына барған сапарында Премьер-Министрдің бірінші орынбасары – Өңірлік даму министрі Бақытжан Сағынтаев онда қарастырылған шаралар санының аздығына назар аударып, қосымша ұсыныстар жасауды тапсырған болатын. Соған сәйкес, қала әкімдігі бұрынғы 38 шараның санын 108-ге дейін арттырып, оларды жүзеге асыру үшін жалпы сомасы 446 млрд. теңгенің (оның ішінде 115 млрд. теңгесі «Қазақмыстан») бөлінуі қажет екені туралы ұсыныс жасапты. Қазір бұл ұсыныстар министрліктен қолдау тауып, енді Үкіметтің қарауына ұсынылған. Егер Үкімет қолдап, қаражат бөлінсе, Жезқазған жаңғырып кеткелі тұр. Жүгірте қарап шыққанымыздың өзінде онда өмірдің барлық саласы қамтылғанын көрдік...

Жезқазғанды жоғары перспективалы мекенге айналдырғалы отырған бастаманың бірі Жезқазған – Бейнеу темір жолының тартылуы болмақшы. Бұл – тәуелсіз Қазақстанның тағы бір үлкен жетістігі. Өйткені, КСРО кезінде қанша айтса да Қазақстанның орталығын Каспий теңізімен қосуға Мәскеу мән бермей келген. Тіпті Орынбор – Ташкент темір жолына қосу да әңгімеден әріге бармаған. Енді Қазақстан теңізге дейінгі 988 шақырым жолды өз күшімен 1,5 жыл да салмақшы. Атышулы БАМ-ды (ұзын дығы – 3145 шақырым) бүкіл КСРО жабылып 12 жылда әрең салып бітірген. Оны мен салыстырғанда біздегі еңбек өнім ділігі 3 есеге жуық артық болғалы тұр.

Біз Жезқазғаннан Сексеуіл стансасына дейін жол салып жатқан кәсіпорынның бастығы Рүстем Молдағұловқа жолықтық. Айта кетелік, бұл жердегі учаскенің ұзындығы 517 шақырым. Сексеуіл стансасының өзі жоғарыда аталған Орынбор – Ташкент магистралінің бойында. Одан Шалқарға дейін темір жол бар. Ал Шалқардан Бейнеуге дейінгі жолдың ұзындығы 471 шақырым, сонда барлығы 988 шақырым болады. Жердің таулы-тасты, көшпелі құмды, шұқырлысайлы болғанына қарамастан, біз жолды Тәуелсіздік күніне дейін бітіреміз, деп отыр Р.Молдағұлов. Оған ештеңе де бөгесін болмайды. Жол біткенде оны пайдалану ісі бойынша 1500-дей жаңа жұмыс орны ашылады. Оның үстіне инфрақұрылымдық нысандарды қосқанда 3 мыңдай адам бұл жерден нәпақасын айыратын болады. Ең бастысы, Қазақстанның орталығы мен батысы темір жол арқылы қосылып, дайын өнімдер әрі қарай теңіз арқылы тасымалданатын, болады. Жезқазған да тұйықтағы қаладан транзитті қалаға айналады. Бұрын Қытайдың тауарлары Ақтау портына 40-50 күнде жететін болса, енді Жезқазған – Бейнеу темір жолы арқылы 10-15 күнде жетіп барады. Осының бәрі Жезқазғанды «болашағы жоқ» дегенді теріске шығаратын үмітті үдерістер.

Сөйтіп, Жезқазған «Қазақмысқа» тәуелді болған масылдық пиғылдан арылатын кезеңге енді жетіп отырған секілді. Жоғарыда аталған 108 шараны Үкімет қолдаса, шаһардың шарықтап кетері сөзсіз. Бүгінгі күннің өзінде қалада біршама серпілістер бар. Мәселен, әкімдіктің құрылыс бөлімінің бастығы Сапарбек Оспановтың айтуына қарағанда, биылғы жартыжылдықта былтырғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда құрылыс-монтаж жұмыстары 10 есеге жуық артық жүргізіліпті. «Власть» журналының деректеріне сүйенсек, «Қазақмыс» та мыс өндіруді биылғы жарты жылдықта былтырғымен салыстырғанда 7 пайызға арттырыпты. Облыс орталығы Қарағандыда болған жергілікті өндірушілердің конкурсында 50 шақты кәсіпорынның арасынан үздік деп танылған «Ютария ЛТД» тігін фабрикасын да жезқазғандықтар орынды мақтаныш тұтады. 300-ден артық жұмыскері бар бұл кәсіпорын негізінен «Қазақмыс» корпорациясының тапсырыстарын орындайды.

ЖОШЫ ХАНҒА ҚОҢСЫ ҚОНУ ДҰРЫС ПА?..

Жезқазған Ұлытау тау сілемдерінің оңтүстік-шығысында орналасқанын жоғарыда айтқанбыз. Сондықтан қазақ тарихында айрықша орны бар осы таудың барлық қилы-қилы тарихи оқиғалары мен құнды жәдігерлерін алдымен жезқазғандықтар мақтан тұтады. Ондағы Алаша ханның, Жошы ханның кесенелері иісі қазақтың баға жетпес ескерткіштері. Алтын Орданың хандары Тоқтамыс пен Едіге де осында жай тапқан. Алтыншоқыдан бір кезде Қаныш Сәтбаев Әмір Темірдің 1391 жылы жазып қалдырған тас тақтасын да тауып алып, көрмеге берген. Бір сөзбен айтқан да, Ұлы таудың қазақ тарихындағы маңызы өте зор. Осылардың ішінен біз XIII ғасырда тұрғызылған Жошы ханның күмбезіне зиярат етіп қайтпақ болдық. Ол Жезқазғаннан елу шақырымдай жерде екен. Ойлықыратты, таулы-жазықты қаптаған июқио дала жолдарымен өзімізге керектісін зорға тауып жүріп келеміз. Жүргізушінің білгірлігі болмаса, жолсерігім Ізтілеу екеуіміз жөнін ешқашан таба да алмайды екенбіз. Өткенде Моңғолиядан да бір кісілер келіп кеткенін көрдік. Жолды білмейтін олар да көп адасты, деді жүргізуші. Бір төбенің басына шыға келсек, алдымызда мал-дүниесі мыңғырған жалғыз үй тұр. Не де болса соға кетейік деп көлік басын бұрдық. 20 шақты жылқы, қара мал, түйе, жүздеген қой айдаған Білім деген жігіттің үйі екен. Үй толы шүпірлеген бала. Орта жастағы бәйбіше оларды бағып-

қағып отыр. Сәтбаевта (қала) үш бөлмелі үйіміз, коттеджіміз бар, мына жердегі баламыздың үйіне мал бағуға жәрдемдесу үшін ғана жазда келіп отырамыз, деді ол кісі. Білімнің өзі отбасымен қысы-жазы осында отырады екен. 2 мың гектардай жалға алған жері бар, малдарын сонда бағады. Ет өткізуден басқа қысы-жазы қымыз, шұбат сатып та табыс табады екен. Қысқасы, жігітіңнің қағанағы қарқ, сағанағы сарқ. Білімнің үйінен тандырға жапқан қалың нанға сары майды батыра шылап, иісі бұрқыраған шұбатты тоя ішіп алған соң жолымызды жалғастырдық.

Міне, алыстан мұнарланып бәлен жүз жылғы тарихтың куәсіндей болып Жошы хан жарықтықтың күмбезі де көрінді. Архитектуралық шеберлігінде мін жоқ, ең бастысы, күмбездің бояуы сол 700 жыл бұрынғы қалпында көкпеңбек болып жайнап тұр. Адамды нешетүрлі ойға жетелеген Жошының күмбезіне ұзақ қарадық...

Талай ғасыр бойы сары далада қасқиып, жалғыз тұрған Жошы хан күмбезінің жанына 1996 жылы тағы бір күмбез түсіпті. Жер жетпегендей ентелетіп, кесенеден 30-35 метр жерге әкесін жерлеп, республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткішпен жарыстырып сары кірпіштен күмбез орнатқан пенделердің қылығын біліктілікке жатқызу қиын... Әрине, ол мар құмның өзі мені Жошының жанына қойындар деп өсиет айтпаған болар, бірақ ата-бабаларының осы маңды жайлағанын алға тартып, әкесін ханның қасына қосарландырған ұрпағы екені даусыз.

Бүгінгідей елдігіміздің еңсесін көтеріп, тарихымыздың тамырын тереңнен тартуға бет алған шақта Жошы хан мен оның істерінің маңызы да арта берері сөзсіз. Бір кезде Алтын Орданың біздің орда екендігі де мойындалар. Қазақ ордасының осы ордадан бөлінгені рас, ал қазақ хандарының бәрі Шыңғыс ханнан тараған төре тұқымдары. Ендеше, бір кезде Жошы күмбезіне жол да тартылып, әрлендіріліп, көгалдандырылып, маңызы да көтеріле түсері талассыз. Сол кезде оның жанына білместікпен қоңсы түскен марқұмға әркімнің «мынау кім өзі» дегендей, жақтырмай жатырқай қарары ұрпақтарына ыңғайлы бола қоймас-ау...

Жезқазғанда тағы бір жайсыз жайдың куәсі болғанымызды айта кетейік. Мұнда үсті-басын қарамен қаптап жүретін жас әйелдер көп екен. Араб елдерінде болған кездерімізде мұндайдың талайын ұшыратқанбыз, бірақ олардың көздері ашық болушы еді, мыналар тіпті көздеріне дейін қара капрон тартып алыпты. Қарап қалған адамды шошытып жіберердей-ақ. Ішкі саясат бөлімінің бастығы Мереке Мырзабекованың айтуына қарағанда, қалада осындай, дәстүрлі емес ағымды тұтынушылар көп екен. Сол жолға түскен жастардың бірсыпырасын кейде дін ұстаздарымен, имаммен кездестіріп, дұрыс ілімнен хабар беруді ұйымдастырамыз. Соның әсерімен кейбірі дұрыс жолға түсіп те жатыр, бірақ арасында теріс ағымның уағызы әбден өтіп кеткендер де жоқ емес, деді ол.

Жезқазған мешіті біршама еңселі, әрі сәнді, бірақ қаланың бір шетіне орналасқан. Орталықта мешіт салу идеясы болғанымен, ол әлі іске асатын емес. Біз наиб-имам Айтжан Аққошқаровпен де сөйлесіп, біршама ақпарат алдық. Адасқан ағымдағылар мұнда да көп келіп, қисық пікірлер айтатын көрінеді. Намаздың да парызын оқып, сүннетін аттап кетеді. Тыңдағандарынша дұрыс уағыз айтып, олардың жолы дұрыс емес екендігін дәлелдеген боламыз, деді ол. Олар тіпті өздерінің дүкендерін, кәсіпорындарын да ашып алыпты.

Теріс ағым жолындағылардың мұнда көбейіп кетуінің бір себебі – радикалды діни идеологияның жолына түсіп, қылмыс жасағандардың түрмесі осында екен. Солардың кейбірінің әйелдері, туыстары, достары олармен жақын болу үшін осында келіп, өмір сүріп жатқан көрінеді. Қалай десек те мұндағы діни ахуалға айрықша көңіл бөлу қажет екені көрініп тұр. М.Мырзабекова ішкі саясат бөліміне дінге қатысты тағы бір штат бірлігі ашылып жатқанын айтты. Бірақ ол да аздық ететін сияқты. Аурудың алдын алмаса асқынып кетуі ғажап емес, сол сияқты кеселді дүниелердің де кері қылықтары кердең қағып кетуі әбден мүмкін...

Жақсыбай САМПАТ